

Профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесін бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 71 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 мамырда № 3517 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары **А. К. Өтеғұловқа** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі **Н. Ноғажев**

2014 жылғы 15.04.2014 ж. № 71
Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің қаулысымен
бекітілген

Профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесі

№	Жануарлардың түрі	Аурулардың түрі
1	Жануардың бірнеше түріне ортақ аурулар	гиподерматоз
		псороптоз
2	Қой мен ешкі аурулары	гельминтоз